



Автор: Бибисанам Сарманова Мухтаровна

Пән: Сауат ашу

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Бізді қоршаған әлем

Тақырып: Мен және табиғат. Ғ дыбысы мен әрпі (2-сағаты)

Мен және табиғат. Ғ дыбысы мен әрпі (2-сағаты)	1.3.10.2 Тәуелдік және жіктік жалғауларының қарапайым формаларын қолдана алу (терминсіз) 1.3.10.1 Заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырата алу және орынды қолдана білу 1.3.11.1 Сөйлемді бас әріппен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.
--	--

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Мен және табиғат. Ғ дыбысы мен әрпі (2-сағаты) (25. 12. 2019ж)	<p>Ынтымақтастық атмосферасы қалыптастыру. Балалар сабақты бастамас бұрын, бір-бірімізге сәттілік тілейік. Ертеңгілік шеңбері Қол алысып, қәне, біз, Достасайық бәріміз Айтарым бар сендерге, Тез тұрыңдар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос болу! (Т); 1-тапсырма: Тәуелдік және жіктік жалғауларының қарапайым формаларын ұйымдастырамын. Кестелердегі сөздерді оқытуды жүзеге асырамын. «Қ»-ға аяқталған сөздерге (моншақ, атақ, қармақ) «ы» ны қосқанда болатын өзгеріс байқатылады. Моншақ+ы –моншағы, атақ+ы –атағы, қармақ+ы – қармағы Сөздердегі өзгерістерді байқатып, қорытынды жасатамын. Дескриптор Сөздерді оқиды Сөз «қ» дыбысынан аяқталғанын біледі «ы» дыбысы қосылғанда «қ» - «ғ» ға айналатынын біледі. Қорытынды жасайды ҚБ: басбармақ (МК; Т); 2-тапсырма Заттың атын, санын, сынын, қимылын, білдіретін сөздерді ажырата алуға және орынды қолдануға үйрету жұмыстарын ұйымдастырамын. -Мынау қай құс? - Қарлығаш -Ол қандай құс? -Ол – адамға дос құс -Қарлығаш адамды неден сақтайды? -Қарлығаш адамды қатерден сақтайды. Дескриптор Суреттерге мұқият қарайды Заттардың атауын, түсін, санын және қимылын анықтайды. ҚБ:: Басбармақ Сергіту сәті Тарсылдатпай еденді Орнымыздан тұрып ап Жүгірейік бір уақ. Бір, екі, үш, бір, екі, үш. Аяқты алға созайық Тік көтеріп, қозғайық. Тым сылбыр да болмайық Алға қарай озбайық. Бір, екі, үш, бір, екі, үш (МК; Ө; Д); 3-тапсырма Оқушыларға Ғ ғ әрпі мен ол кездесетін Сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаймын. №3 жазу дәптерінің 7-бетіндегі тапсырманы орындатамын. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемді жазу керек. Дескриптор Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстырып жазады. Сөйлемді оқиды Керекті сөзді табады Орнына қойып жазады Гигиеналық талаптарға сай орындайды ҚБ: Жұлдызша Инклюзив оқушыға берілетін тапсырма: Ғ ғ әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаймын. Дескриптор Ғ ғ әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазады. Кері байланыс: Бағдаршам</p>	